

**ISSN (Print) 2616-6895**  
**ISSN (Online) 2663-2497**

**ВЕСТНИК**  
ЕВРАЗИЙСКОГО  
НАЦИОНАЛЬНОГО  
УНИВЕРСИТЕТА  
ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА

**BULLETIN**  
of L.N. GUMILYOV  
EURASIAN NATIONAL  
UNIVERSITY

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
**ХАБАРШЫСЫ**

**ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы**  
**PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series**  
**Серия ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ**

**№ 3 (128)/2019**

1995 жылдан бастап шығады  
Founded in 1995  
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады  
Published 4 times a year  
Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2019  
Nur-Sultan, 2019  
Нур-Султан, 2019

**Бас редакторы**  
**Молдажанова А. А.**  
п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (педагогика)	<b>Г.Ж. Менлибекова</b> , п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (психология)	<b>А.Р. Ерментаева</b> , п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (әлеуметтану)	<b>Н.О. Байғабылов</b> , PhD (Қазақстан)

*Редакция алқасы*

<b>Есенғалиева А. М.</b>	п.ғ.к., доцент (Қазақстан)
<b>Иванова Г.П.</b>	п.ғ.д. (Ресей)
<b>Исламова З.М.</b>	п.ғ.к., доцент (Ресей)
<b>Кажғалиева А.</b>	докторант (Қазақстан)
<b>Калдыбаева О.В.</b>	PhD (Қазақстан)
<b>Колева И.</b>	докт. (Болгария)
<b>Отар Э. С.</b>	PhD (Қазақстан)
<b>Сейтқазы П.Б.</b>	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
<b>Сунарчина М.М.</b>	ә.ғ.д., проф. (Ресей)
<b>Толубекова Р.К.</b>	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
<b>Уразбаева Г.Т.</b>	п.ғ.д., доцент (Қазақстан)
<b>Хан Н.Н.</b>	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
<b>Хаяти Тюфекчиоглу</b>	ә.ғ.д., проф. (Түркия)
<b>Шайхисламов Р.Б.</b>	ә.ғ.д., проф. (Ресей)
<b>Шалғынбаева Қ.Қ.</b>	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.,  
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31432)  
E-mail: vest\_pedpsysoc@enu.kz

*Жауапты хатишы, компьютерде беттеген: Ә. С. Жұматаева*

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.**

**ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы**

Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК  
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркелген. 27.03.18 ж. № 17001-  
Ж -тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172)709-500  
(ішкі 31432)

© **Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**

**Editor-in-Chief**  
Doctor of Pedagogical Sciences,  
Prof.(Kazakhstan)  
**A.A. Moldazhanova**

Deputy Editor-in-Chief (pedagogy) **G.Zh.Menlibekova**, Doctor of Pedagogical Sciences,  
Prof. (Kazakhstan)  
Deputy Editor-in-Chief (psychology) **A.R. Yermentayeva**, Doctor of Psychological Sciences,  
Prof. (Kazakhstan)  
Deputy Editor-in-Chief (sociology) **N.O. Baigabylov**, PhD in Sociology (Kazakhstan)

*Editorial board*

<b>Esengalieva A. M.</b>	Can. of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
<b>Ivanova G.P.</b>	Doctor of Pedagogical Sciences (Russia)
<b>Islamova Z.M.</b>	Can. of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof. (Russia)
<b>Kazhgaliyeva A.</b>	Doctoral Candidate (Kazakhstan)
<b>Kaldybayeva O.V.</b>	PhD (Kazakhstan)
<b>Koleva I.</b>	Dr. (Bulgaria)
<b>Otar E.S.</b>	PhD (Kazakhstan)
<b>Seytkazy P.B.</b>	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
<b>Sunarchina M.M.</b>	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
<b>Toleubekova R.K.</b>	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
<b>Urazbayeva G.T.</b>	Doctor of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
<b>Khan N.N.</b>	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
<b>Hayati Tufekcioglu</b>	Doctor of Sociology, Prof. (Turkey)
<b>Shaikhislamov R.B.</b>	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
<b>Shalgynbayeva K.K.</b>	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Editorial address:2, Satpayev str., of.408, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008  
L.N.Gumilyov Eurasian National University  
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31432)  
E-mail: vest\_pedpsysoc@enu.kz

*Responsible secretary, computer layout: A.S.Zhumatayeva*

**Bulletin of L.N.Gumilyov Eurasian National University PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series**

**Owner:** Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No. 17001-Ж from 27.03.18

Periodicity: 4 times a year

Circulation: 35 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31432)

© **L.N.Gumilyov Eurasian National University**

**Главный редактор**  
**д.п.н., профессор**  
**А. А. Молдажанова** (Казахстан)

Зам. главного редактора (педагогика)	<b>Г.Ж. Менлибекова</b> , д.п.н., проф. (Казахстан)
Зам. главного редактора (психология)	<b>А.Р. Ерментаева</b> , д.пс. наук, проф. (Казахстан)
Зам. главного редактора (социология)	<b>Н.О. Байгабылов</b> , PhD (Казахстан)

*Редакционная коллегия*

<b>Есенгалиева А. М.</b>	к.п.н., доцент (Казахстан)
<b>Иванова Г.П.</b>	д.п.н. (Россия)
<b>Исламова З.М.</b>	к.п.н., доцент (Россия)
<b>Кажгалиева А.</b>	докторант (Казахстан)
<b>Калдыбаева О.В.</b>	PhD (Казахстан)
<b>Колева И.</b>	докт. (Болгария)
<b>Отар Э. С.</b>	PhD Казахстан
<b>Сейтказы П.Б.</b>	д.п.н., проф. (Казахстан)
<b>Сунарчина М.М.</b>	д.с.н., проф. (Россия)
<b>Толубекова Р.К.</b>	д.п.н., проф. (Казахстан)
<b>Уразбаева Г.Т.</b>	д.п.н., доцент (Казахстан)
<b>Хан Н.Н.</b>	д.п.н., проф. (Казахстан)
<b>Хаяти Тюфекчиоглу</b>	д.с.н., проф. (Турция)
<b>Шайхисламов Р.Б.</b>	д.с.н., проф. (Россия)
<b>Шалгынбаева К.К.</b>	д.п.н., проф. (Казахстан)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Сатпаева, 2, каб. 408,  
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева  
Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31432)  
E-mail: vest\_pedpsysoc@enu.kz

*Ответственный секретарь, компьютерная верстка:* А. С. Жуматаева

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева.**

**Серия: ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ.**

**Собственник:** РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК  
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан.

Регистрационное свидетельство № 17001-Ж от 27.03.18 г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31432)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

## МАЗМҰНЫ

### ПЕДАГОГИКА

<i>Абишев Н.А., Кабылова М.С.</i> Жоғары мектепте тіл мамандықтары мұғалімдерін оқу-тәрбие үдерісінде өзара іс-әрекет етуге психологиялық-педагогикалық даярлау .....	8
<i>Асылбекова М.П., Абибулаева А.Б., Аймағамбетова Р.Х.</i> Әлеуметтік жетімдіктің профилактикасы: қазақстандық аспект .....	15
<i>Березнова Е.В., Абдиркенова А.К.</i> Медиабілім мазмұнын қалыптастыру шарттары .....	25
<i>Жантасова Ж.З., Тлебалдинова А.С., Нугуманова А.Б., Жұртпаева А.Ә., Қайдарова М.А.</i> Балалардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін түзетуге арналған бағдарламалық жасақтама әзірлеу .....	32
<i>Жиентаева Б.Ж.</i> Ересектерге қосымша білім берудің ерекшеліктері .....	42
<i>Жолдасбекова С.А., Парманқұлова П.Ж.</i> Педагогтарды инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасауға даярлау мәселелері .....	49
<i>Қударова Н.А., Тулекова Г.М.</i> Жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетудің амалдары мен жолдары .....	55
<i>Қунтубаева Д.К.</i> Инновациялық білім берудегі оқыту технологияларының маңызы .....	64
<i>Оразалиева Р.Б.</i> Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы білім берудің заманауи үрдістері .....	70
<i>Рахымбердиева А.В.</i> Білім беру жүйесі менеджерлерін даярлауды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету .....	76
<i>Сламбекова Т.С., Жұмыкбаева А.К.</i> Педагог кадрлардың біліктілігін арттырудағы бағалаудың халықаралық стандарттарға сәйкестігі .....	84
<i>Уайханова М. Ә.</i> Мектеп оқулығы мазмұнының мәдениеттанулық үлгісі .....	90
<i>Чункенова С.С.</i> Жаңа білім беру жүйесіне үйлесімді мұғалім тұлғасы .....	100
<i>Туякова Ұ.Ж., Шалғынбаева Қ.Қ.</i> Эмоциялардың психологиялық теорияларының эмоционалдық интеллектіге негіз болу мәселелері .....	105

### ПСИХОЛОГИЯ

<i>Адилъжанова К.С.</i> Эмоционалды интеллект түсінігі және оны зерттеудегі бағыттар .....	118
<i>Ерментәева А.Р., Аубакирова Ж.Қ., Майлыбаева Ж.С.</i> Студенттік кезеңдегі тұлғалық даму .....	125
<i>Орынғалиева Ш.О.</i> Психологиялық күзiреттiлiк феноменологиясын зерттеудiң теориялық мәселелері .....	133
<i>Карибаева Г.М., Қонысова А.Ж.</i> Әскери қызметтегі жас мамандардың кәсіби іс-әрекетіне бейімделуінің психологиялық ерекшеліктері .....	140
<i>Карибаева Г.М., Тоқтарбай Г.Ә.</i> Мектепке дейінгі жастағы балаларда агрессиялық мінез-құлықтың пайда болуының психологиялық ерекшеліктері .....	148

### ӘЛЕУМЕТТАНУ

<i>Бейсембаев С.Н.</i> Қазақстандағы зомбылық экстремизмінің алдын алудың саяси-басқарушылық аспектілері .....	155
<i>Каримова Г.К., Сейдуманов С.Т.</i> Қазақ әйелінің сәйкестігі: әлеуметтік мәртебесі мен ұлттық бас киімі .....	164

## CONTENTS

### PEDAGOGY

<i>Abishev N.A., Kabylova M.S.</i> Psychological and pedagogical training in higher educational institution of teachers of language specialties for communication in teaching and educational process .....	8
<i>Assylbekova M. P., Abibulayeva A.B., Aimagambetova R.H.</i> Prevention of social orphanhood: Kazakhstan case study .....	15
<i>Berezhnova E.V., Abdirkenova A.K.</i> The conditions of formation of content of media education .....	25
<i>Zhantasova Zh.Z., Tlebaldinova A.S., Nugumanova A.B., Zhurtpayeva A.A., Kaydarova M.A.</i> Correction software development different sides of speech and writing in children .....	32
<i>Zhiyentayeva B. Sh.</i> Features of Adult Education .....	42
<i>Zholdasbekova S.A., Parmankulova P. Zh.</i> Problems of training teachers for work in conditions of inclusive education .....	49
<i>Kudarova N.A., Tulekova G.M.</i> Ways and means of leadership development among students of higher educational institutions on the basis of national character .....	55
<i>Kuntubaeva D.K.</i> The role of educational technology in innovative education .....	64
<i>Orazalieva R.B.</i> Modern educational trends in the conditions of independent Kazakhstan .....	70
<i>Rakhymberdiyeva A.V.</i> Scientific and methodological support of training managers of the education system .....	76
<i>Slambekova T.S., Zhumykbayeva A.K.</i> Compliance of independent assessment in the system of professional development of teachers with international standards .....	84
<i>Uaikhanova M. A.</i> The culturological model of the school text-book content .....	90
<i>Chunkenova S.S.</i> Teacher's personality in the new education system .....	100
<i>Tuyakova U. Z., Shalgynbayeva K.K.</i> Psychological theory of emotion is the basis of emotional intelligence .....	105

### PSYCHOLOGY

<i>Adilzhanova K.S.</i> The concept of emotional intelligence and directions in its research .....	118
<i>Yermentayeva A. R., Aubakirova Zh. K., Mailybayeva Zh. C.</i> Development of personality in the student age .....	125
<i>Oryngalieva Sh.O.</i> Theoretical problems of research of phenomenology of psychological competence .....	133
<i>Karibayeva G.M., Konysova A.Zh.</i> Features of the psychological adaptation of young specialists in military service to professional activity .....	140
<i>Karibaeva G. M., Toktarbai G. A.</i> Psychological characteristics of aggressive behavior in preschool children .....	148

### SOCIOLOGY

<i>Beissembayev S.N.</i> Public policy aspects of prevention of extremism in Kazakhstan .....	155
<i>Karimova G.K., Seidumanov S.T.</i> Identity of Kazakh woman: social status and national headwear .....	164

## СОДЕРЖАНИЕ

### ПЕДАГОГИКА

<i>Абишев Н.А., Кабылова М.С.</i> Психолого-педагогическая подготовка учителей языковых специальностей в вузе к взаимодействию в учебно-воспитательном процессе .....	8
<i>Асылбекова М.П., Абибулаева А.Б., Аймагамбетова Р.Х.</i> Профилактика социального сиротства: казахстанский аспект .....	15
<i>Березнова Е.В., Абдиркенова А.К.</i> Условия формирования содержания медиаобразования .....	25
<i>Жантасова Ж.З., Тлебалдинова А.С., Нугуманова А.Б., Жұртпаева А.Ә., Қайдарова М.А.</i> Разработка программного обеспечения по коррекции разных сторон устной и письменной речи у детей .....	32
<i>Жиентаева Б. Ж.</i> Особенности дополнительного образования взрослых .....	42
<i>Жолдасбекова С.А., Парманкулова П.Ж.</i> Проблемы подготовки педагогов к работе в условиях инклюзивного образования .....	49
<i>Кударова Н. А., Тулекова Г. М.</i> Пути и способы развития лидерских качеств у студентов высших учебных заведений на основе национального характера .....	55
<i>Кунтубаева Д. К.</i> Роль образовательных технологий в инновационном образовании .....	64
<i>Оразалиева Р.Б.</i> Современные тенденции образования в условиях независимого Казахстана .....	70
<i>Рахымбердиева А.В.</i> Научно-методическое обеспечение подготовки менеджеров системы образования .....	76
<i>Сламбекова Т.С., Жумыкбаева А.К.</i> Соответствие независимого оценивания в системе повышения квалификации педагогических кадров международным стандартам .....	84
<i>Уайханова М. А.</i> Культурологическая модель содержания школьного учебника .....	90
<i>Чункенова С.С.</i> Личность учителя в новой системе образования .....	100
<i>Туякова У.Ж., Шалгынбаева К.К.</i> Проблемы психологических теорий эмоции как основы эмоционального интеллекта .....	105

### ПСИХОЛОГИЯ

<i>Адилъжанова К.С.</i> Понятие эмоционального интеллекта и направления его исследования	118
<i>Ерментаева А.Р., Аубакирова Ж.К., Майлыбаева Ж.С.</i> Развитие личности в студенческом возрасте .....	125
<i>Орынғалиева Ш.О.</i> Теоретические проблемы исследования феноменологии психологической компетенции .....	133
<i>Карибаева Г.М., Конысова А.Ж.</i> Особенности психологической адаптации молодых специалистов на военной службе к профессиональной деятельности .....	140
<i>Г.М. Карибаева, Г.А. Токтарбай.</i> Психологические особенности возникновения агрессивного поведения у детей дошкольного возраста .....	148

### СОЦИОЛОГИЯ

<i>Бейсембаев С.Н.</i> Политико-управленческие аспекты профилактики экстремизма в Казахстане .....	155
<i>Каримова Г.К., Сейдуманов С.Т.</i> Идентичность казахской женщины: социальный статус и национальный головной убор .....	164

XFTAP 14.43.47

**Н. А. Кударова, Г. М. Тулекова**

*С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,  
Павлодар, Қазақстан  
(E-mail: nazgul. Kudarova @mail. ru, Cessen@mail.ru)*

### **Жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетудің амалдары мен жолдары**

**Андатпа.** Мақалада автор жоғары оқу орны студенттерінің білім мен біліктіліктерін арттырумен қатар, білім алушылардың бойларында көшбасшыға тән қасиеттерге тоқталады. Сонымен қатар, студенттердің бойларында көшбасшылық қасиетті ұлттық сипатта дамыту жолдары қарастырылған. Студенттердің бойларында ұлттық сананы қылыптастыру барысында білім беру үдерісіне қажетті ұғымдар мен мағлұматтар іріктеліп берілген.

Жоғары оқу орнында көшбасшының қасиеттерін дамыту жолдарымен ұлттық мінез, ұлттық әдет-ғұрып және мәдениеттердің ерекшеліктерін қарастырған авторлардың еңбектері де сараланған. Мақала жазу барысында жоғары оқу орнының екі факультетінің студенттерімен зерттеу жұмыстары жүргізіліп, жұмыстардың нәтижелері диаграммаларда көрсетіліп, зерттеу жұмыстарының нәтижелері талқыланған.

Елдің болашағы – білімді жастар болғандықтан, олардың тәрбиесіне баса көңіл аударуды уақыт талап етуде. Сол себепті бәсекеге қабілетті, болашақта еліміздің гүлденуіне, дамуына өзінің маңызды үлесін қоса алатын мамандарды даярлауымыз қажет.

**Түйін сөздер:** көшбасшылық, креативтілік, бәсекеге қабілетті, патриоттық құндылықтар, ұлттық мінез.

**DOI:** [https:// doi org/ 10.32523/2616-6895-2019-128-3-55-63](https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-128-3-55-63)

**Кіріспе.** Жоғары білім беру институт, университет, академия тарапынан жүзеге асырылады. Жоғары оқу орындары тұлғаның жан-жақты, терең білім алуына бағытталады. Себебі, жоғары мектептің миссиясы жастардың білім қорын кеңейту және жаңа білімдерді қордалауға мүмкіндік беру болып табылады. Alma Mater әрқашан адамзат даналығының ордасы ретінде танылады. Сондықтан, жоғары оқу орны ежелден қазірге дейін қоғамдағы ғылыми білімді, асқақ рухани және мәдени құндылықтарды сақтаушы, зерттеуші және таратушы міндеттерді атқарып келеді. Жаңа білімнің; ғылыми теориялардың; өмірді, адамды және табиғатты пайымдап түсіндіретін парадигмалардың осы жоғары мектептердің қабырғаларында дүниеге келгендігі тарихтан белгілі [1].

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың 2019 жылғы жолдауында еліміздің тірегі – жастар мәселесіне жете мән бергендігімен аса маңызды деп санаймыз. Қоғамның даму үдерісін ілгерілетудің жетекші күші жастар екендігі ақиқат дүние. Жолдауда жоғары оқу орындарына мамандық алып шыққан жастардың өз мамандығы бойынша жұмысқа тұрып, елімізге қызмет етуі мәселесі қоғамның даму тенденциясын анықтайтын фактор екендігіне зор мағына берілген.

Оқу бітіруші түлектердің мамандықтарына сәйкес жұмыс істеуінің әлеуметтік-экономикалық астары түптеп келгенде еліміздің даму индексін анықтайды. Білімді де білікті маман даярлау және оны жұмыспен қамтамасыз ету білім беруші және жұмыс ұсынушы мекемелер арасындағы бар байланысқа жаңаша сипат беретін болады. Экономикалық аспектіде еліміздің өркендеп даму стратегиясы жүзеге асатын болса, жас маманның да әлеуметтік тұрғыда мұң-мұқтажсыз, игілікті өмір сүру қағидаттары орындалатын



болады. Кәсіби шеберлігі шыңдалған маман қоғамымыздың экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Елбасының жолдауы жоғары оқу орны саласында қызмет ететін педагогтарға тың серпіліс әкеліп, жаңа форматта маман даярлау және оның жұмысқа қабылдану траекториясын айқындаудағы басты бағдарымыз», – деді Садық Тілеген [2].

Еліміздің рухани және әлеуметтік тұрғыда жаңғыруы, дамуы білімді қоғамның зияткерлік әлеуетінің жоғары дегейімен іске асады. Егеменді еліміздің болашағын көркейтіп, қоғамымыздың дамуына өз үлесін қосатын – жастар. Сол себепті, жастардың бойларында қоғам талап ететін қасиеттер мен білім мен білікті тәрбиелеуіміз қажет.

Жастардың бүгінгі мен болашағына қамқорлық жасау саясатымыздың негізгі мәні деп санаймыз. Өйткені жастар қоғамның бір бөлігі ретінде мемлекетте маңызды рөл атқарады. Сондықтан жастар өздерінің бойларында заман талап етіп отырған қасиеттерді дамытулары тиіс. Осы тұрғыда жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісіне де жаңалықтар енгізу көзделуде.

Майнор – бакалавриатта оқып жатқан студенттер үшін жаңа білім жүйесіне енгізілген қосымша бағдарлама. Мысалға, болашақ «Педагог-психолог» адам ресурстарын басқару саласы бойынша қосымша білім алса, болашақ әлеуметтік жұмыскер, әлеуметтік-еңбек қатынастары бойынша білімін жетілдіреді. Яғни, бағдарламаның негізгі мақсаты жұмыс беруші, болашақ маманнан күтетін дағдыларды дамыту «4 «К»: 21 ғасырдың дағдылары: коммуникативтілік, креативтілік, критикалық ойлау, командамен жұмыс». Аталып кеткен дағдыларды болашақ маман өз бойында Майнор бағдарламасы арқылы жетілдіре алады. Майнор бағдарламасының арқасында болашақ маман өзі таңдаған сала бойынша, қабілетін іс жүзінде сәтті атқаруға мүмкіндігі артады.

Болашақ маманның бойында білім, білік, 21 ғасырға сай дағдыларды дамытумен қатар, өз мақсатын көздеп, іс жүзіне асыра алатын көшбасшылық қасиеттерін ұштауымыз керек.

**Мәселенің тұжырымдамасы.** Көшбасшылық – мақсатқа жетелейтін қасиет, сонымен қатар сенімділік ұялататын мінез-құлық. Көшбасшыға алғырлық, ақылдылық, қажырлылық, ұйымдастырушылық, жауапкершілік, іскерлік т.б. қасиеттер мен қабілеттер тән.

Көшбасшылыққа бейімділік ерте балалық шақта байқалады, тұлғаның қасиеті ретінде дамиды және тұлғаның өз-өзін анықтау және өз-өзін таныту құралы ретінде қызмет етеді.

Көшбасшыны ұсынатын көбінесе – ұжым. Негізінен ұжым, көшбасшының қасиетінің дамуына, қалыптасуына жағымды орта болып табылады. Л. И. Уманскийдің зерттеулері бойынша көшбасшылық қасиеттің дамуына қылыптасуына негіз болатын топ, жеке топтың психологиялық ерекшелігі [3].

Қазіргі таңдағы көшбасшылардың дағдылар тобын келесі кестенден байқауға болады (Кесте 1).

Кесте – 1

**Қазіргі көшбасшылардың дағдылар тобы**

Топтық дағдылар	Көшбасшының қасиеттері
Жүйелі дағдылар	Пайымдау
	Мақсаттылық
	Өзгерістерге сезімталдық
	Икемділік
	Мақсаткерлік, табандылық

Қарым-қатынастық дағдылар	Мотивациялау, шабыттандыру, сендіру
	Қарым-қатынасқа бейімділік
Ішкі сапа	Сенімділік
	Батылдық
	Белсенділік
	Өзін-өзі ұстай білу
	Ішкі тұтастығы

Көшбасшылар басқаларды ынталандырып, оларды бағыттауы керек, тобының әрекет жауапкершілігін өзіне алуы және мақсат қоя білуі тиіс. Басқаларды ұйымдастыру мен ынталандыру және бастаманы өзіне алу өте маңызды. Ойындағыдай болмайтын сәттер болады. Мұндай жағдайда көшбасшы сәтсіздіктің өзінен тиімді жағын байқап, табандылық танытып, өзінің қателігін мойындап, алға жылжи алу керек, жағдайдың өзгеруіне байланысты өз мақсаттарын бейімдеуге дайын болғаны жөн. Осы аталған көшбасшылық қасиеттер табысты көшбасшы болуға көмектеседі [4].

Қазіргі таңда білім берудің негізгі парадигмасы ретінде – өзін-өзі ұсыну, өз білімін жетілдіру, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту аумағын атап кетуге болады. Өзін-өзі дамыту – бұл күнделікті, үнемі өз-өзімен жұмыс жасау; өзін-өзі жетілдіру және жеке дара қасиетті дамыту; өзінің жеке дара мақсатына және қалауына зейінінді тұрақтату; өмірлік жетістікке жету үшін үнемі жаңа білімге ұмтылу. А. И. Кочетов: «Өзін-өзі тәрбиелеу – бұл өзін саналы түрде басқара алу, алдын ала өзінің қабілеті мен күшін жобалау, өзінің қызығушылығы мен мақсатын қоғам талабына сай келтіретін, өзін-өзі тәртіпке келтіре алатын тұлға» [5].

Өз білімін жетілдіру – жалпы ой-өрісін кеңейту, жалпы білімін көтеру, өзіндік танымдық-шығармашылық қабілеттерін арттыру, кәсіби шеберлігін, біліктілігін жетілдіру. Ю. П. Фатнектің тұжырымдауы бойынша: «Өзінің болашақ кәсіби ісінде үлкен жетістікке жету үшін, біріншіден атқаратын ісіне шығармашылықпен қарау қажет; екіншіден үнемі өзін-өзі кәсіби және жеке дара білімін жетілдіріп, толықтырып отыруы абзал» [6].

Өзін-өзі жобалау – бұл мәдени схемалар мен өзін-өзі ұйымдастыру нормаларын игеруге және ұсынуға негізделген өзіндік бірегейлікті құру процесі. Өзін-өзі жобалау тұлғаның дамуымен тығыз байланысты.

**Мақаланың мақсаты.** Қазіргі жоғары оқу орны білім беру үдерісінің негізгі мақсаты – жеке тұлғаның танымдық, зияткерлік әрекеттері дамыған және бәсекеге қабілетті, теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде тиімді ұштастыра алатын түлектерді даярлау.

Бүгінгі жас ұрпақ – болашақ Қазақстан азаматы. Ұлттың бүгінгі мен келешегі – білімді жастың қолында. Анығырақ айтқанда, тарихын терең білетін, ұлттың рухани құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ қана ел болашағын қалыптастыра алады [7].

Жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендету мақсатында С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің «Психология және педагогика» кафедрасында, «Көшбасшылық психология» пәнінің жұмыс бағдарламасына «Көшбасшылық қабілетті ұлттық сипатта өркендету» атты блок енгізілді. Аталған блокта студенттер: этнос, ұлт, діл, ұлттық идея, ұлттық тәрбие, ұлттық мәдениет ұғымдарының мән-мағынасы; ұлттық жаңғыру – болашаққа бағдар; ұлы дала елінің көшбасшылары атты тақырыптары қарастырылады. Жалпы тақырыптарды өту барысында студенттер маңызды ақпараттар мен мағлұматтармен таныса алады. Этнос, ұлт, діл, ұлттық идея, ұлттық тәрбие, ұлттық мәдениет ұғымдарының мән-мағынасын терең меңгерді. Мәселен: «Этнос» ұғымын М. Вебер, Л. Н. Гумилев, О. Бауер зерттеген. Ұлт туралы О. Бауер: «Ұлт – тағдыр ортақтығы байланыстырған ортақ сипатты адамдардың

бүкіл жиынтығы. Осы тағдыр ортақтығы негізінде пайда болған белгі ұлттық мәдениет ортақтығын интернационалдық ортақтықтардан: кәсіби, таптық, мемлекетті құрайтын халықтық – бір сөзбен айтқанда, түп негізін бір тектілік құрайтын осындай барлық ортақтықтардан бөліп тұрады... Ұлттық сипат – сол ұлт тарихының таңбасы, одан басқа ештеңе де емес», – деп айтады [8].

Менталитет немесе діл – ойлаудың үлгісі, этностың, әлеуметтік топтың, индивидтің жалпы рухани мінез-құлқы. Ұлттық идея дегеніміз – халықтың, бүкіл елдің әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, санасын ғасырлар бойы дамытып, жетілдіру арқылы ұрпақтан-ұрпаққа берілген ережесі, ол сол халықтың тілін, ділін, мемлекетін қалыптастыруға қызмет етеді. Ұлттық тәрбие – отбасынан басталады. Отбасы – адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты қызық дәурені осы отбасында өтеді. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын – тәрбие жұмысын атқарады. Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол – өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс.

Ал, «Ұлттық жаңғыру – болашаққа бағдар» атты тақырыбын өтеу барысында білім алушылар Елбасының жолдауымен танысып, өздерінің пікірлерімен бөлісе алады. «Ұлы дала елінің көшбасшылары» атты тақырыбы білім алушылардың Ұлы Даланың ел болуына үлесін қосқан тұлғалармен танысады.

Адам өткенін жақсы білмесе, болашаққа нық қадам баса алмайды. Тәуелсіз ел ретінде өткенімізді зерделеу, қазіргі күнге қалай келгенімізді бағамдау, білу біз үшін өте маңызды.


**Қалыптасу тарихы.** Жоғары оқу орнындағы студенттердің бойларында көшбасшылық қасиетті дамыту жолдары бойынша Анде Моруа көшбасшының бойында: «Харизма, қарым-қатынасқа бейімділік, күзиреттілік, жинақылық, бастамашылдық, өзіне деген сенімділік, өзін-өзі тәртіпке келтіре алу» болу керек жөнінде кезінде атап кеткен [9]. Осы аталған қасиеттерді білім алушылардың бойларында қалай дамытуға болатынын А.Р. Ерментаеваның [1], А.К. Мынбаеваның [10], Р.Л. Кричевскийдің [11], А.В. Сорокиннің [4], Е.В. Селезневаның [12], Ж.И. Намазбаеваның [13] ғылыми еңбектерінде қарастырылған.

Ұлттық мінез, ұлттық әдет-ғұрып және мәдениеттердің ерекшеліктері: Л.Н. Гумилевтың [14], К.К. Манаштың [15], Е. Жұматаеваның [16], Н. Жангильдиннің [17], А.А. Налчаджянның [18] еңбектерінде сипатталады.

Ал, С.М. Арутюнянның [19], Д.Б. Парыгинның [20], Ю.В. Бромлейдің [21], Н.С. Сарсенбаевтың [22], Ю.П. Платоновтың [23] еңбектерінде ұлттардың ерекшеліктеріне психологиялық мінездеме беріледі.

**Зерттеу тәсілі.** Зерттеу жұмыстарына «Энергетика» және «Гуманитарлық-педагогикалық факультетінің» студенттері қатысты. Жалпы зерттеу жұмыстарына 51 студент қатысты, оның 26-сы энергетика факультетінің студенттері, 25-сі гуманитарлық-педагогикалық факультетінің студенттері. Зерттеу жұмыстары барысында екі әдістеме қолданылды. Бірінші әдістеме «Коммуникативтік және ұйымдастырушылық бейімділік» деп аталады, әдістemenің авторлары В.В. Синявский., В.А. Федорошин. Аталған әдістеме студенттердің коммуникативтік және ұйымдастырушылық дағдыларын анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында қолданылған екінші әдістеме – «Өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау» әдістемесі. Авторы С. В. Ковалёв.

Зерттеу жұмыстарының нәтижелері келесі диаграммаларда көрсетілген (Суреттер 1, 2).



Сурет 1. Студенттердің коммуникативтік дағдылары



Сурет 2. Студенттердің ұйымдастырушылық дағдылары

«Коммуникативтік және ұйымдастырушылық бейімділік» әдістемесінің нәтижелерін тарқататын болсақ, студенттердің коммуникативтік және ұйымдастырушылық дағдыларын анықтау нәтижелері энергетика факультетінің студенттеріне қарағанда гуманитарлық-педагогикалық факультетінің студенттерінде жоғары. Гуманитарлық-педагогикалық факультетінде оқитын студенттердің коммуникативтік және ұйымдастырушылық дағдылары жоғары. Бұл бірнеше себептерге байланысты. Біріншіден, студенттердің білім алу мамандықтарының ерекшеліктеріне байланысты. Екіншіден, білім алу барысында басты дамытылатын қасиеттер мен икемділіктер тұлғаның қалыптасуына өзінің әсерін қалдыратыны дәлелденілді.

Зерттеу барысында қолданылған екінші әдістеме С. В. Ковалёвтың «Өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау» әдістемесі, зерттеу жұмыстарының нәтижелері келесі диаграммада көрсетілген (Сурет 3).



Сурет – 3. «Өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау» әдістемесі

Ковалёвтың С.В. «Өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау» әдістемесі 32 сұрақтан тұрады, әрбір сұрақ студенттердің бойларында өзін-өзі бағалау деңгейін анықтауға негізделеді. Әдістеме нәтижесі бойынша энергетика факультетінде оқитын студенттерге қарағанда, гуманитарлық-педагогикалық факультетінде оқитын студенттердің өзін-өзі бағалау дәрежелері жоғары екендігі анықталды.

**Нәтижесі.** Жалпы мақалада жоғары оқу орындағы студенттердің бойларында көшбасшылық қабілеттерін ұлттық сипатта өркендету жолдары қарастырылды. Мақала жазу барысында студенттердің коммуникативтік және өзін-өзі бағалау деңгейлері анықталды. Зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне сүйене отырып, білім алушыларға көшбасшылық қасиеттерін дамытуға қажетті нұсқаулар, ұсыныстар берілді.

#### Әдебиеттер

1. Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы: оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. – 492 б.
2. Қазан Жолдауы: 2019 жылы - Жастар жылы [Электрон. ресурс]. - 2018. – URL: <https://www.qamshy.kz/article/zholdaw-2019-zhil-zhastar-zhili.html> (қаралған күні: 05.10.2018).
3. Уманский Л.И. Личность, организаторская деятельность, коллектив: избр. тр. – Кострома: Изд-во Костром. гос. ун-та, 2001. – 208 с.
4. Сорокин А.В. Лидерство: учебно-методическое пособие для студентов заочной формы обучения направления подготовки 080200.62 «Менеджмент» / Рубцовский индустриальный институт. – Рубцовск, 2012. – 49 с.
5. Кочетов А. И. Актуальные проблемы педагогики: спецкурс для студентов-выпускников пед. институтов. – Рязань: Рязанский гос. пед. ин-т, 1971. – 281 с.
6. Фатнева Ю.П. Готовность к самообразованию как условие профессионального роста будущего специалиста в вузе / Ю.П. Фатнева // Формирование профессиональной компетентности специалистов как цель модернизации образования. Материалы Всероссийской научно-практической конференции. – Оренбург: РИК ГОУ ОГУ, 2005. – С. 339-340.
7. Мырзақеримова А.Н. Мәңгілік елдің ұрпағы – біздің болашағымыз. - 2016. [Электрон. ресурс]. – URL: <http://www.bilim-all.kz/jospar/2164-Mangilik-eldin-urpagy-izdinbolashagymyz> (қаралған күні: 17.12.2012).
8. Этнос. [Электрон. ресурс]. - 2015. – URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki> (қаралған күні: 11.19.2015).
9. Развитие лидерских компетенций [Электрон. ресурс]. - 2014. – URL: <https://www.trn.ua/articles>

(қаралған күні: 17.12.2012).

10. Мынбаева А.К. Основы педагогики высшей школы: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университет 2008. – 144 с.
11. Кричевский Р.Л. Психология лидерства: Учебное пособие. – М.: «Статут», 2007. – 278 с.
12. Селезнева Е.В. Лидерство: учебник и практикум для академического бакалавриата. – М.: Издательство Юрайт, 2018. – 429 с.
13. Намазбаева Ж.И. Жалпы психология: оқулық. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. Психология институты, 2006. – 296 б.
14. Гумилев Л. Н. Этногенез и биосфера Земли. Л.: Гидрометеиздат, 1990. – 528 с.
15. Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. – Алматы : Сөздік Словарь, 2001. – 369 б.
16. Жұматаева Е. Ұлттық құндылықтардың консолидацияға ықпалы // Ұлттық тәрбие. – 2013. – №6 (14), 16 б.
17. Джангильдин Н. Природа национальной психологии. – Алма-Ата: Казахстан, 1971. – 302 с.
18. Налчаджян А.А. Атрибуция, диссонанс и социальное познание. – М.: «Когито-Центр», 2006. – 549 с.
19. Арутюнян С.М. Нация и ее психический склад // Науч. тр. КГПИ, 1966. Вып. 53. – 271 с.
20. Парыгин Б.Д. Общественное настроение. – М.: Мысль, 1966. – 327 с.
21. Бромлей Ю.В. Очерки теории этноса. – М.: Издательство ЛКИ, 2008. – 440 с.
22. Сарсенбаев Н. С. Обычай и традиции в развитии. – Алма-Ата, 1965. – 328 с.
23. Платонов Ю. П. Психология национального характера: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведения. – М.: Издательский центр «Академия», 2007 – 240 с.

**Н. А. Кударова, Г. М. Тулекова**

*Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,  
Павлодар, Казахстан*

### **Пути и способы развития лидерских качеств у студентов высших учебных заведений на основе национального характера**

**Аннотация.** В статье автор останавливается на вопросах повышения знаний и умений студентов высших учебных заведений и лидерских качествах обучающихся. Также рассматриваются пути развития лидерских качеств в рамках национального характера. Сделан акцент на необходимых в процессе обучения, связанного с формированием национального сознания студентов, понятиях и сведениях. Изучены труды авторов, в которых наряду с развитием лидерских качеств в стенах высших учебных заведений рассматривались национальный характер, национальная культура и традиции. В ходе написания статьи были проведена исследовательская работа со студентами двух факультетов вуза, результаты исследования отражены в диаграммах, представлены выводы.

Будущее страны – образованная молодежь, воспитание ее требует времени и пристального внимания. Поэтому необходимо подготовить конкурентоспособных специалистов, способных в будущем внести свой вклад в процветание и развитие нашей страны.

**Ключевые слова:** лидерство, креативность, конкурентоспособный, патриотические ценности, национальный характер.

**N. A. Kudaraova, G. M. Tulekova**

*S. Toraighyrov Pavlodar state University, Pavlodar, Kazakhstan*

### **Ways and means of leadership development among students of higher educational institutions on the basis of national character**

**Abstract.** In the article the author, along with the increase of knowledge and professional skills of students studying in higher education, emphasizes that students are characterized by leadership qualities. The ways of development of leadership qualities of national character are also considered. In the process of formation of national consciousness of students in the educational process was emphasized the necessary concepts and information. The article mentions the authors who consider the peculiarities of national consciousness, national character, national customs and cultures through the development of leadership qualities. During the writing of the article, research works of students of two faculties of the University were carried out, the results of the work are reflected in the diagrams, the results of the research were discussed.

The future of the country – educated youth, as their education requires time and attention. Therefore, it is necessary to prepare competitive specialists who can contribute to the prosperity and development of our country in the future.

**Keywords:** lead, creativity, competitive, patriotic values, national character, national character.

### **References**

1. Ermentaeva A.R. Zhogary mektep psichologysty [Graduate School of Psychology] («Daur», Almaty, 2012, 492 p.).
2. Kazan Zholdauy. 2019 zhyly - Zhastar zhyly [Message: 2019 Year of Youth], [Electron. resource]. 2018. Available at: <https://www.qamshy.kz/article/zholdaw-2019-zhil-zhastar-zhili.html> (Accessed: 10.05.2018).
3. Umansky L.I. Lichnost', organizatorskaya deatelnost', kollektiv [Personality, organizational activity, collective] (Publishing house Kostrom. state University, 2001, Kostroma, 208 p.)
4. Sorokin A.V. Liderstvo: uchebno-metodicheskoye posobiye dlya studentov zaочноy formy obucheniya napravleniya podgotovki 080200.62 «Menedzhment» [Leadership: a teaching aid for part-time students in the field of study 080200.62 “Management”] (Rubtsovsk Industrial Institute, Rubtsovsk, 2012, 49 p.).
5. Kochetov A. I. Aktual'nyye problemy pedagogiki: spetskurs dlya studentov-vypusknikov ped. institutov [Actual problems of pedagogy: a special course for students of graduate ped. Institutions], (Ryazan state. ped Inst., Ryazan, 1971, 281 p.).
6. Fatneva Yu.P. Gotovnost' k samoobrazovaniyu kak usloviye professional'nogo rosta budushchego spetsialista v vuze [Readiness for self-education as a condition for professional growth of a future specialist at a university], Formirovaniye professional'noy kompetentnosti spetsialistov kak tsel' modernizatsii obrazovaniya [Formation of professional competence of specialists as the goal of modernization of education] Materials of the All-Russian Scientific and Practical Conference] (RIC GOU OGU, Orenburg, 2005, p. 339-340.).
7. Myrzakerimova A.N. Ma'nqiliq eldin' urpaqy – bizdin' bolas'agymyz. [The eternal heritage of the country is our future] [Electron. resource]. - 2016. Available at: <http://www.bilim-all.kz/jospar/2164-Mangilik-eldin-urpaqy-izdinbolashagymyz> (Accessed: 12.17.2012)
8. Etnos [Ethnicity] [Electron. resource]. 2015. Available at: <https://kk.wikipedia.org/wiki> (Accessed: 11.11.2015).
9. Razvitiye liderskikh kompetentsiy [Development of leadership competencies] [Electron. resource]: 2014. Available at: <https://www.trn.ua/articles> (Accessed:12.17.2012).
10. Mynbaeva A.K. Osnovy pedagogika vysshey shkoly: uchebnoe posobie [Fundamentals of pedagogy of higher education: textbook] (Kazakh University, Almaty, 2008, 144 p.).
11. Krichevsky R.L. Psikhologiya liderstva [Psychology of Leadership]. Tutorial («Statute», Moscow, 2007, 278 p.)

12. Selezneva E.V. Liderstvo: uchebnik i praktikum dlya akademicheskogo bakalavriata [Leadership: A textbook and workshop for academic undergraduate studies] (Yurayt Publishing House, Moscow, 2018, 429 p.)
13. Namazbaeva Zh.I. Zhalpy psichologiya: okulyk [General psychology. Textbook] (Abay Kazakh National Pedagogical, Almaty, 2006, 296 p.).
14. Gumilev L. N. Etnogenez i biosfera zemli [Ethnogenesis and the biosphere of the Earth] (Gidrometeoizdat, Leningrad, 1990, 528 p.).
15. Kozibaev M.Q. O'rkeniyet ja'ne ult. [Civilization and nation], (Almaty: So'zdik Dictionary, 2001 . – 369 b.)
16. Zhumatayeva E. Ul'ttyq qundylyqtardyn' consolidaciaq'a yqpaly [Impact of consolidation on national values], Ul'ttyq ta'rbie, 14 (6), 16 (2013).
17. Dzhangildin N. Priroda natsional'noy psikhologii [The nature of national psychology] (Kazakhstan, Almaty, 1971, 302 p.).
18. Nalchajyan A.A. Atributsiya, dissonans i sotsial'noye poznaniye [Attribution, dissonance and social cognition] («Kogito-Center», Moscow, 2006, 549 p.)
19. Harutyunyan S.M. Natsiya i yeye psikhicheskiy sklad [The nation and its mental warehouse], Scientific. tr KSPI. (53) 271 p (1966).
20. Parygin B.D. Obshchestvennoye nastroyeniye [Public mood] (Thought, Moscow, 1966, 327 p.).
21. Bromley Yu.V. Ocherki teorii etnosa [Essays on the theory of ethnoses], (Publishing house LKI, Moscow, 2008, 440 p.) [in Russian].
22. Sarsenbaev N. C. Obychai i traditsii v razviti [Customs and traditions in development] (Alma-Ata, 1965, 328 p.).
23. Platonov Yu. P. Psikhologiya natsional'nogo kharaktera: uchebnoye posobiye dlya studentov vysshego uchebnogo zavedeniya [Psychology of a national character: a textbook for students of a higher educational institution] (Publishing Center «Academy», Moscow, 2007, 240 p.).

***Авторлар туралы мәлімет:***

***Кударова Н. А.*** – 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығының 2 курс докторанты, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Толстой көш. 107/5-13, Павлодар қ., Қазақстан.

***Түлекова Г. М.*** – PhD докторы, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика ғылымдарының қауымдастырылған профессор (доцент), Ткачева көш., 10-120, Павлодар қ., Қазақстан.

***Kudarova N. A.*** S. Toraighyrov Pavlodar state University, 2nd year doctoral student, specialty 6D010300 – «Pedagogy and psychology», Tolstoy str., 107/5-13, Pavlodar, Kazakhstan.

***Tulekova G. M.*** - Pavlodar state pedagogical University, PhD, associate Professor, Tkachev str., 10-120, Pavlodar, Kazakhstan.